

**Бекітілді:**  
«А.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
музыкалық колледжі» директоры м.а.  
  
А.А.Кузенбаев  
«05» 05 2024.

**«А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музикалық колледжі» МҚҚК  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы  
ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және «А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі» МҚҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруда бірыңгай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалардагы ұғымдар қолданылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Колледж болімшелерінің біріне жүктелетін Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер кактығысы - жауапты мемлекеттік лауазымды аткаралын тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамаудына және (немесе) тиісінше орындамаудына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл - лауазымды тұлғалардың, Колледж жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

8) сыйбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың профилактикасы-лауазымды тұлғалардың, Колледж жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтықты жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен алаяқтықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

## **2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары мен функциялары**

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі мақсаты Колледждің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және кайта бағалау;

4) Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) Колледж басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің акпараттық ашықтығы;

5) Колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесі функциялар жүктелген:

1) Колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар санатына жататын Колледж жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактау тұргысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) Колледж жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сактауларын бақылау;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз ету;
- 10) сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;
- 11) Колледж қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 12) Колледж қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 13) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;
- 14) Колледжben жасалатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сактауын көздейтін ережелерді енгізуі қамтамасыз ету.

### **3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құқықтары мен міндеттері**

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі құқықтары мен міндеттері:

- 1) Ұйымның ішкі құжаттарында регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде Колледждің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;
- 3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысу;
- 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кенестер ұйымдастыру және өткізу;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған Колледж туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтау;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген тұлғалардың сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша құпиялышының қамтамасыз ету;
- 8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы колледж басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды (органды) уақтылы хабардар ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

#### **4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмысының ұйымдастыру тәртібі**

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет – Колледж басшысының бүйрекімен бекітілетін, Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және Колледждің ішкі құжаттарына сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жүзеге асыратын ұйым қызметкерлерінің құрамынан құрылады.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Актобе облысының білім басқармасына есеп береді.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі олардың лауазымдық нұсқаулықтарында не қызметкердің қызметтік құқыктары мен міндеттерін айқындастын өзге де құжаттарда айқындалған.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

- 1) Колледж сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі күжаттарды өзірлеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты өзірлеу және өзектендіру;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру ішараларын жүргізу;
- 4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Колледж жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындау тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) Колледж жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сактауларын бақылау;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық және/немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;
- 11) Колледждің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру;
- 12) Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;
- 14) Колледжben жасалатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік этика және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сактауын қөздейтін ережелерді енгізуі қамтамасыз ету;

12. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттерді беру ұсынылады:

1) ұйымның ішкі құжаттарында регламентtelген, бекітілген рәсімдер шенберінде Колледждің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін Колледж басшысының немесе өзге тұлғаның (органның) қарауына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысу;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кенестер ұйымдастыру және өткізу;

6) Колледждің және оның үлестес тұлғалары ақпаратының, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың қупиялылығын сактау;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген тұлғалардың сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша қупиялылығын қамтамасыз ету;

8) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін Колледж басшысын және/немесе өзге де тұлғаларды (органды) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне ақпарат беру арнасы құрылды, сенім телефоны 8(7132)22-08-92, бұл бойынша азаматтар Колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алады не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мүшесі мүдделер қактығысына (каржылық, муліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шенберінде қандай да бір өзге мүдделіліктің болуы) әкең соғуы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауы тиіс.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрамы Колледж қызметкерлерін жұмысқа қабылданған сәттен бастап, басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырган кезде

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз етуі керек (жылына кемінде 1 рет).

16. Оқыту нысандарын өткізу әдістерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқындайды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қымыл тәртібі қолданыстағы заңнамага сәйкес Колледждің ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумактық бөлімшелері көрсетеді.

## **5. Қорытынды ережелер**

20. Осы ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толыктырулар Колледж басшысының бүйрығымен бекітіледі және ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді.